

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.03.2020 ж. № 6

Көкшетау қаласы

город Кокшетау

**Ақмола облысының аумағында жаңа
коронавирустық инфекцияның
(COVID-2019) әкелінуі мен
таралуының алдын алу жөніндегі
шараларды күшейту туралы**

Мен, Ақмола облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігері **Айнагүл Советқызы Мусина**, «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығының, «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының қолданылу кезеңінде сауда объектілерінің жұмыс істеуі жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, сауда және интеграция министрліктерінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 169, 2020 жылғы 17 наурыздағы №53-НҚ бірлескен бұйрық, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 21-бабы 12-тармағының б) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының тұрғындары арасында жаңа коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – КВИ) әкелінуі мен таралуына жол бермеу және өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары мен жеке кәсіпкерлер азық-түлік емес сауда базарларын, сауда-ойын-сауық орталықтарын, сауда үйлерін, олардың аумағында бар сауда орталықтарын және жеке орналасқан кинотеатрларды, балалар орталықтарын, адамдар көп жиналатын кез келген басқа да ойын-сауық объектілерін, азық-түлік өнімдері мен дәрілік заттарды сату жөніндегі оларда орналасқан объектілерді қоспағанда, **жабуды;**

2. Сауда объектілерінің иелеріне (сауда орталықтары, гипермаркеттер, сауда үйлері, азық-түлік базарлары, супермаркеттер, шағын маркеттер, үй жанындағы дүкендер, басқа да бөлшек сауда объектілері) көлемі 2000 шаршы метрден кем, сондай-ақ азық-түлік базарларына санитариялық қауіпсіздікті күшейту шаралары:

1) сатып алушылардың рұқсаты бар нан-тоқаш, кондитерлік және өзге де өнімдерді тек оралған түрде сатуды жүзеге асыру;

2) көкөністер мен жемістерді қоспағанда, буып-түйілген түрдегі тамақ өнімдерін өткізу;

3) әрбір 3 сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдер, орындықтар, эскалаторлардың тұтқалары (бар болса), сатылар, есіктер, лифтілер мен едендерді өңдеу;

4) келушілерге коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша жадынамалар тарату;

5) қолды өңдеуге арналған ұзартылған микробқа қарсы әрекеті бар көп атқарымдық антисептикалық затты пайдаланумен санитайзерлерді орнату;

6) персоналға бір рет қолданылатын қолғаптар беруді қамтамасыз ету;

7) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

8) объектілерге үнемі желдетуді жүргізу, ағынды-сорғылы қондырғыларын дезинфекциялау, ауаны сырттан алу жолымен үй-жайларды сүзуді және желдетуді ұлғайту;

9) 5 адамнан артық кезектің түзілуіне жол бермеу, олардың арасындағы қашықтықтың кемінде бір метр сақталуын қамтамасыз ету;

10) объектіге іргелес жатқан аумақты тәулігіне кемінде 1 рет дезинфекциялау құралдарымен өңдеу.

11) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін сауда объектілерінде жауапты қызметкерлерді бекіту;

3. Қоғамдық тамақтану объектілерінің иелеріне (фуд-корттар, мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар, аспаздар және т. б.), соның ішінде сауда объектілерінің аумағында орналасқан объектілерге санитариялық қауіпсіздік шараларын күшейту:

1) өз жеткізу қызметінің немесе өзге де жеткізу қызметтерінің арқылы тұтынушыға дейін тауарды (тағамдарды, сусындарды және басқаларды) жеткізу арқылы ғана қызметті жүзеге асыруға;

2) персоналдың жұмыс кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануы ұсынылады (маскаларды ауыстыру 3 сағатта 1 реттен кем емес);

3) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

4) қолды өңдеуге арналған ұзартылған микробқа қарсы әрекеті бар көп атқарымдық антисептикалық затты пайдаланумен санитайзерлерді орнату;

5) қоғамдық тамақтандыру объектілерінде ауысымына кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір реттік қолғаптармен және тұтастығы бұзылған жағдайда (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланыста болатын басқа да қызметкерлер) халыққа қызмет көрсету;

6) жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) желдетуді жүргізуге;

7) әрбір 3 сағат сайын дезинфекциялаушы майлықтармен сүрту арқылы дезинфекциялаушы құралдарды қолдана отырып, үй-жайларды есіктердің тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақшаларын), түскі залға (асханаға) кіреберісте қол жууға арналған

қабыршақтарды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелерін сүрту арқылы ылғалды жинау жүргізуге;

8) объектіге іргелес жатқан аумақты тәулігіне кемінде 1 рет дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге міндетті.

9) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлер бекітілсін.

4. Қоғамдық тамақтану объектілерінің иелеріне (кафе, мейрамханалар, барлар, асханалар және т. б.):

1) бір уақытта 50 адамнан аспайтын келушілердің санын шектеу;

2) қолды өңдеуге арналған ұзартылған микробқа қарсы әрекеті бар көп атқарымдық антисептикалық затты пайдаланумен санитайзерлерді орнату; немесе бір рет қолданылатын қолғаптарды беруді қамтамасыз ету;

3) әрбір 3 сағат сайын дезинфекциялаушы майлықтармен сүрту арқылы дезинфекциялаушы құралдарды қолдана отырып, үй-жайларды есіктердің тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтакшаларын), түскі залға (асханаға) кіреберісте қол жууға арналған қабыршақтарды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелерін сүрту арқылы ылғалды жинау жүргізуге;

4) келушілердің өзіне-өзі қызмет көрсетуге тарату желісіндегі асханаларға тыйым салынады;

5) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

6) персонал келушілермен жұмыс істеу кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануға (бетперделерді әр 3 сағат сайын ауыстыру);

7) жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (әрбір 6 сағат) желдету;

8) объектіге іргелес жатқан аумақты тәулігіне кемінде 1 рет дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге міндетті.

9) қоғамдық тамақтандыру объектілерінде ауысымына кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір реттік қолғаптармен және тұтастығы бұзылған жағдайда (сатушылар, аспаздар, даяршылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланыста болатын басқа да қызметкерлер) халыққа қызмет көрсету;

10) мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда және т.б. үстелдердің арасындағы қашықтықты кемінде 2 метр сақтау.

11) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлер бекітілсін.

5. Қызмет көрсету саласы объектілерінің иелеріне (сұлулық салоны, ателье және басқалар):

1) қолды өңдеуге арналған ұзартылған микробқа қарсы әрекеті бар көп атқарымдық антисептикалық затты пайдаланумен санитайзерлерді орнату; немесе бір рет қолданылатын қолғаптарды беруді қамтамасыз ету;

2) персонал келушілермен жұмыс істеу кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануға (бетперделерді әр 3 сағат сайын ауыстыру);

3) күшейтілген дезинфекциялық режимді енгізу, әрбір 3 сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдерді, орындықтарды, эскалаторлардың тұтқаларын (бар болса), баспалдақтарды, есіктерді, лифттер мен едендерді өңдеу;

4) өз аумағына келушілерді тек бетперде киген (бетперде болмаған жағдайда бетпердені тегін беруді қамтамасыз етуге) және келушілерге коронавирустың алдын алу бойынша жадынамалар таратуға рұқсат етіледі;

5) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

6) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлерді бекітсін.

6. Ақмола облысының қалалары мен аудандарының әкімдері қамтамасыз етсін:

1) әрбір рейстен кейін қоғамдық көліктің жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, өңдеу жүргізуді бақылау; қоғамдық көлік аялдамалары (күніне бір рет), жалпы пайдалану орындары (жаяужолдар, саябақтар, скверлер, алаңдар және т. б.);

2) жаппай болатын және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде (ХҚКО, коммуналдық шаруашылық, вокзалдар, әуежайлар және т.б.) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді бақылау.

3) жалпы пайдаланылатын орындарға дезинфекциялық өңдеу жүргізу үшін ұтқыр бригадаларды құру.

7. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары қамтамасыз етсін:

1) дезинфекциялық құралдарын пайдалана отырып, барлық үй-жайларды ылғалды жинау;

2) қолды өңдеуге арналған ұзартылған микробқа қарсы әрекеті бар көп атқарымдық антисептикалық затты пайдаланумен санитайзерлерді орнату;

3) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

4) әрбір 6 сағат сайын жұмыс үй-жайларын желдетуді жүргізу;

5) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлерді бекіту.

8. Ақмола облысының полиция департаменті қамтамасыз етсін:

1) күдікті науқастарды, байланыста болған адамдарды, сондай-ақ КВИ бойынша қолайлы елдерден келген адамдарды ауруханаға жатқызу орындарын күзету;

2) КВИ бойынша байланыста болғандарды іздестіру және карантинге орналастыру жөнінде шаралар қабылдау;

3) төтенше жағдай режимін бұзуға жол берген адамдарға қатысты шаралар қабылдау.

9. Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы қамтамасыз етсін:

1) КВИ бар пациенттерді емдеу үшін қажетті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілік;

2) стационарлардың карантині:

- бетперделік режимі, келушілердің сапарына тыйым салу;

- жоспарлы медициналық қызметтерді көрсетуді шектеу (жоспарлы емдеуге жатқызу, профилактикалық тексерулер, скринингтер, оңалту);

3) Амбулаториялық-емханалық объектілердің карантині:

- бетперделік режимі, пациенттерге бару;
- динамикалық бақылау пациенттері үшін қашықтықтан жоспарлы дәрігерлік кеңес беруді енгізу;

4) амбулаториялық дәрі- дәрмекпен қамтамасыз етуді онлайн беру немесе жеткізу;

5) жедел жәрдем бригадаларының санын арттыру.

10. Ақмола облысының білім басқармасы қамтамасыз етсін:

1) меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының (даму, білім беру орталықтары, үйірмелер, факультативтер және т. б.) қызметін 2020 жылғы 26 наурыздан бастап тоқтата тұру;

2) БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы халық арасында КВИ таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру.

11. Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті:

1) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, интернат үлгісіндегі толық карантинді (баруға тыйым салуды) және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қамтамасыз ету;

2) барлық үй-жайларда санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау (желдету, ауысымда кемінде үш рет ылғалды жинау, дезинфекциялау);

3) барлық үй-жайларды кейіннен желдетумен кварцтау;

4) персонал келушілермен жұмыс істеу кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануға (бетперделерді әр 3 сағат сайын ауыстыру);

5) жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, тұмау) белгілерімен қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

6) жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлерді бекітілсін.

12. Ақмола облысының ішкі саясат, Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармалары:

1) қалалар мен аудандар әкімдіктерімен бірлесіп, БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы халық арасында КВИ таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру;

2) діни мақсаттағы объектілерде санитариялық-дезинфекциялық режимнің қамтамасыз етілуіне бақылау күшейтілуін қамтамасыз етсін.

13. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аумақтық басқармаларының басшылары қамтамасыз етсін:

1) «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 25 қаулысын орындау;

2) халықты КВИ-ның таралуы бойынша ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және өңірлерде қабылданатын шаралар туралы хабардар ету.

14. «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола облысы бойынша филиалы қамтамасыз етсін:

1) КВИ күдігі бар науқастарды және байланыста болған науқастарды зертханалық тексеру;

2) КВИ ошақтарын дезинфекциялық өңдеу;

3) полимеразды-тізбекті реакция, вирусологиялық зерттеулер, молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізу үшін КВИ науқастарынан үлгілерді алуға арналған шығыс зертханалық материалдардың, шығыс материалдарының, тест-жүйелердің, диагностикумдардың азаймайтын қоры.

15. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етсін.

16. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

17. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

18. Осы қаулы 2020 жылдың 20 наурызы сағат 00.00-ден бастап күшіне енеді.

Ақмола облысының

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері



А. Мусина

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.03.2020 ж. № 6

Көкшетау қаласы

город Кокшетау

**Об усилении мер по предупреждению
завоза и распространения новой
коронавирусной инфекции (COVID-2019)
на территории Акмолинской области**

Я, Главный государственный санитарный врач Акмолинской области Айнагуль Советовна Мусина, на основании Указа Президента Республики Казахстан «О введении чрезвычайного положения в Республики Казахстан» от 15 марта 2020 года № 285, Совместного Приказа Министерств здравоохранения, торговли и интеграции Республики Казахстан № 169 от 18 марта 2020 года, № 53-НҚ от 17 марта 2020 года «Об утверждении Рекомендаций по функционированию объектов торговли на период действия Указа Президента Республики Казахстан, подпункта 6) пункта 12 статьи 21 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», в целях защиты жизни и здоровья и недопущения завоза и распространения заболеваемости новой коронавирусной инфекции среди населения Акмолинской области (далее – КВИ),

ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Руководителям хозяйствующих субъектов независимо от форм собственности и индивидуальным предпринимателям закрыть непродовольственные торговые рынки, торгово-развлекательные центры, торговые дома, торговые центры, имеющиеся на их территории и отдельно расположенные кинотеатры, детские центры, любые другие развлекательные объекты с массовым скоплением людей, за исключением находящихся в них объектов по реализации продуктов питания и лекарственных средств;

2. Владельцам торговых объектов (торговые центры, гипермаркеты, торговые дома, супермаркеты, минимаркеты, магазины у дома, другие объекты розничной торговли) площадью менее 2000 кв.м., а также продовольственным рынкам усилить меры санитарной безопасности:

1) осуществлять продажу хлебобулочных, кондитерских и иных изделий, к которым есть доступ покупателей, только в упакованном виде;

2) реализовывать продукты питания в фасованном виде, за исключением овощей и фруктов;

3) обрабатывать каждые 3 часа специальными дезинфекционными средствами столы, стулья, поручни эскалаторов (при наличии), лестницы, двери, лифты и полы;

4) раздавать памятки по профилактике коронавируса для посетителей;

5) установить санитайзеры для обработки рук, с использованием многофункционального антисептического вещества с пролонгированным антимикробным действием;

6) обеспечить выдачу одноразовых перчаток персоналу;

7) не допускать к работе персонал с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);

8) проводить регулярное проветривание объектов, дезинфицировать приточно-вытяжные установки, увеличить фильтрацию и проветривание помещений путём забора воздуха снаружи;

9) не допускать образование очередей более 5 человек с соблюдением расстояния между ними не менее одного метра;

10) обрабатывать прилегающую к объекту территорию дезинфицирующими средствами не реже 1 раза в сутки.

11) закрепить ответственных работников в торговых объектах, обеспечивающих соблюдение вышеуказанных пунктов.

3. Владельцам объектов общественного питания (фуд-корты, рестораны, кафе, бары, столовые, кулинарии и т.д.), в т.ч. расположенные на территории торговых объектов, усилить меры санитарной безопасности:

1) осуществлять деятельность исключительно посредством доставки товара (еды, напитков и прочее) до потребителя с помощью собственной службы доставки или иными службами доставки;

2) рекомендуется использование персоналом одноразовых масок при работе (смена масок каждые 3 часа);

3) не допускать к работе персонал с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);

4) установить санитайзеры для обработки рук, с использованием многофункционального антисептического вещества с пролонгированным антимикробным действием;

5) оказывать услуги населению на объектах общественного питания в одноразовых перчатках подлежащих замене не менее двух раз в смену и при нарушении целостности (продавцы, повара, официанты, кассиры и другие сотрудники, имеющие непосредственный контакт с продуктами питания);

6) проводить по окончании рабочей смены (каждые 6 часов) проветривание;

7) проводить каждые 3 часа влажную уборку помещений с применением дезинфицирующих средств путем протирания дезинфицирующими салфетками (или растворами дезинфицирующих средств) ручек дверей, поручней, столов, спинок стульев (подлокотников кресел), раковин для мытья рук при входе в обеденный зал (столовую), витрин самообслуживания;

8) обрабатывать прилегающую к объекту территорию дезинфицирующими средствами не менее 1 раза в сутки;

9) закрепить ответственных работников, обеспечивающих соблюдение вышеуказанных пунктов.

4. Владельцам объектов общественного питания (кафе, рестораны, бары, столовые и т.д.):

- 1) ограничить количество посетителей не более 50 человек одновременно;
- 2) установить санитайзеры для обработки рук, с использованием многофункционального антисептического вещества с пролонгированным антимикробным действием, либо обеспечить выдачу одноразовых перчаток;
- 3) проводить каждые 3 часа влажную уборку помещений с применением дезинфицирующих средств путем протирания дезинфицирующими салфетками (или растворами дезинфицирующих средств) ручек дверей, поручней, столов, спинок стульев (подлокотников кресел), раковин для мытья рук при входе в обеденный зал (столовую), витрин самообслуживания;
- 4) запретить в столовых на линии раздачи самообслуживание посетителями;
- 5) не допускать к работе персонал с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);
- 6) использовать персоналом одноразовые маски при работе с посетителями (смена масок каждые 3 часа);
- 7) проводить по окончании рабочей смены (каждые 6 часов) проветривание;
- 8) обрабатывать прилегающую к объекту территорию дезинфицирующими средствами не менее 1 раза в сутки;
- 9) оказывать услуги населению на объектах общественного питания в одноразовых перчатках, подлежащих замене не менее двух раз в смену и при нарушении целостности (продавцы, повара, официанты, кассиры и другие сотрудники, имеющие непосредственный контакт с продуктами питания);
- 10) соблюдать расстояния между столами не менее 2 метров в ресторанах, кафе, барах, столовых и т.д.;
- 11) закрепить ответственных работников, обеспечивающих соблюдение вышеуказанных пунктов.

5. Владельцам объектов сферы услуг (салоны красоты, ателье и другие):

- 1) установить санитайзеры для обработки рук, с использованием многофункционального антисептического вещества с пролонгированным антимикробным действием либо обеспечить выдачу одноразовых перчаток;
- 2) ввести усиленный дезинфекционный режим, каждые 3 часа специальными дезинфекционными средствами обрабатывать столы, стулья, поручни эскалаторов (при наличии), лестницы, двери, лифты и полы;
- 3) допускать на свою территорию посетителей только в масках (в случае отсутствия маски обеспечить бесплатную выдачу масок) и раздавать памятки по профилактике коронавирусной инфекции для посетителей;
- 4) не допускать к работе персонал с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);
- 5) закрепить ответственных работников, обеспечивающих соблюдение вышеуказанных пунктов.

6. Акимам городов и районов Акмолинской области обеспечить:

1) контроль за проведением обработки с применением моющих и дезинфицирующих средств общественного транспорта после каждого рейса; остановок общественного транспорта (один раз в день), мест общего пользования (тротуары, парки, скверы, площади и др.);

2) контроль за соблюдением санитарно-дезинфекционного режима на объектах массового пребывания и жизнеобеспечения (ЦОНЫ, объекты коммунального хозяйства, вокзалы, аэропорты и др.);

3) создание мобильных бригад для проведения дезинфекционной обработки мест общего пользования.

7. Руководителям государственных органов и организаций обеспечить:

1) проводить влажную уборку всех помещений с использованием дезинфицирующих средств;

2) установить санитайзеры для обработки рук, с использованием многофункционального антисептического вещества с пролонгированным антимикробным действием;

3) не допускать к работе сотрудников с проявлениями острых респираторных инфекций (повышенная температура, кашель, насморк);

4) проводить каждые 6 часов проветривание рабочих помещений.

8. Департаменту полиции Ақмолинской области обеспечить:

1) охрану мест госпитализации больных с подозрением, контактных, а также лиц, прибывших из стран благополучных по КВИ;

2) принятие мер по поиску и помещению на карантин контактных по КВИ;

3) принятие мер в отношении лиц, допустивших нарушение режима чрезвычайного положения.

9. Управлению здравоохранения Ақмолинской области обеспечить:

1) потребность в лекарственных средствах и медицинских изделиях, необходимых для лечения пациентов с КВИ;

2) карантин стационаров:

- масочный режим, запрет на визиты посетителей;

- ограничение оказания плановых медицинских услуг (плановая госпитализация, профилактические осмотры, скрининги, реабилитация);

3) карантин амбулаторно-поликлинических объектов:

- масочный режим, посещения пациентов;

- внедрение дистанционных плановых врачебных консультаций для пациентов динамического наблюдения;

4) онлайн выдача или доставка амбулаторного лекарственного обеспечения;

5) увеличение количества бригад неотложной скорой помощи.

10. Управлению образования Ақмолинской области обеспечить:

1) приостановление деятельности детских дошкольных организаций, организаций внешкольного дополнительного образования (центры развития, образования, кружки, факультативы и др.) независимо от форм собственности с 26 марта 2020 года;

2) активизировать информационно-разъяснительную работу по профилактике распространения КВИ среди населения через СМИ и социальные сети.

11. Департаменту координации занятости и социальных программ Акмолинской области:

- 1) обеспечить полный карантин (запрет посещений) и усиленный санитарно-дезинфекционный режим в медико-социальных объектах для пожилых и лиц с ограниченными возможностями, домах ребенка, детских домах, центрах социальной реабилитации, учебных заведениях для детей инвалидов, интернатного типа;
- 2) соблюдение санитарно-дезинфекционного режима во всех помещениях (проветривание, влажная уборка не менее трёх раз в смену, дезинфекция);
- 3) кварцевание всех помещений с последующим проветриванием.

12. Управлениям внутренней политики, здравоохранения Акмолинской области:

- 1) совместно с акиматами городов и районов активизировать информационно-разъяснительную работу по профилактике распространения КВИ среди населения через СМИ и социальные сети;
- 2) усилить контроль за обеспечением санитарно-дезинфекционного режима на объектах религиозного назначения.

13. Руководителям территориальных управлений контроля качества безопасности товаров и услуг обеспечить:

- 1) исполнение Постановления Главного Государственного санитарного врача РК от 16 марта 2020 года № 25 «О мерах по обеспечению безопасности населения Республики Казахстан в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан «О введении чрезвычайного положения в Республике Казахстан»;
- 2) информирование населения о текущей эпидемиологической ситуации по распространению КВИ и принимаемых мерах в регионах.

14. Республиканскому государственному предприятию на праве хозяйственного ведения филиала «Национальный центр экспертизы» по Акмолинской области обеспечить:

- 1) лабораторное обследование больных с подозрением на КВИ и контактных;
- 2) дезинфекционную обработку очагов КВИ;
- 3) неснижаемый запас расходных лабораторных материалов, расходных материалов для забора образцов от больных КВИ, тест-систем, диагностикумов для проведения полимеразно-цепной реакции, вирусологических исследований, молекулярно-генетического исследования.

15. Настоящее постановление довести до сведения всех заинтересованных ведомств, население проинформировать через СМИ и социальные сети.

16. Постановление обязательно для исполнения всеми физическими и юридическими лицами независимо от форм собственности.

17. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.

18. Настоящее постановление вступает в силу с 00:00 часов 20 марта 2020 года.

**Главный Государственный
санитарный врач Акмолинской области**



А. Мусина